

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 шілдедегі N 973 және 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 910 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1417 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) *к ү ш і ж о й ы л д ы*

2) "Жерді ерекше қорғалатын аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 910 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж . , N 3 6 , 3 6 9 - қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Жерді ерекше қорғалатын аумақтарға жатқызу және жерді осы аумақтардың резервіне қалдыру ережесінде:

бүкіл мәтін бойынша "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацында "қоршаған ортаны қорғау саласындағы облыстық аумақтық органның (республикалық маңызы бар қала, астана) (бұдан әрі - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі облыстық орган)" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы аумақтық уәкілетті органның (республикалық маңызы бар қала, астана) (бұдан әрі - аумақтық орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органмен, облыстық органдармен келісіледі және оны жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган бекітеді";

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, орталық атқарушы органмен келісіледі және оны жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.";

5 және 10-тармақтарда "аумақтар желісін дамыту және орналастыру бағдарламасы",

"аумақтардың желісін дамыту және орналастыру желісінің бағдарламасына" деген сөздер тиісінше "аумақтарды дамыту жөніндегі бағдарлама", "аумақтарды дамыту жөніндегі бағдарламаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта мемлекеттік тілдегі мәтінде "қалалық және аудандық әкімдіктердің" деген сөздер "аумақтық қалалық және аудандық орган әкімдіктерінің" деген сөздермен ауыстырылсын .

*Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.13. N 862 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК